

Жангелдин ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 14 сәуірдегі № 42 "Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 26 ақпандағы № 19 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 6 наурызда № 7580 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабына сәйкес Жангелдин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жангелдин ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 14 сәуірдегі № 42 "Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-9-132 тіркелген, 2011 жылғы 17 мамырда " Біздің Торғай" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Жангелдин ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдіктің қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Жангелдин ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жангелдин ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ш. Оспанов